

Нұра ауданының ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібін бекіту туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімдігінің 2021 жылғы 9 қарашадағы № 36/03 қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 45-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы "Жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптар әдістемесін бекіту туралы" № 139 бұйрығына сәйкес, Нұра ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Нұра ауданының ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Нұра ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Шалмаганбетов

Нұра ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 09 қарашадағы
№36/03 қаулысына қосымша

Нұра ауданының ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі

1 тарау. Негізгі ережелер

1. Нұра ауданының ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін есептеу тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 45-бабына сәйкес әзірленді және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу кезінде қолданылады.

2 тарау. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттер кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін айқындау

2. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемдерін Бюджет кодексінің 45-бабының 9-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы айқындайтын тәртіппен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы есептейді.

3. Жоспарлы кезеңге арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемдерін белгілеу үшін ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері кірістерінің болжамын Бюджет кодексінің 45-бабының 7, 9-1-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы сырғымалы негізде жыл сайын, тиісті жергілікті бюджеттің кірістері (трансферттерді шегергенде) мен шығындарының болжамды көлемдері арасындағы айырма ретінде айқындайды.

4. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттер шығындарының болжамды көлемі Бюджет кодексінің 56-1-бабында белгіленген функционалдық белгісі бойынша шығыстар бағыттарын ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша және бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемінің сомасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте тұрақты сипаты бар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттің міндеттемелерін орындау жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге, сондай-ақ стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсатына қол жеткізуге, нақты міндеттері мен іс-шараларын шешуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындардың болжамды көлемі:

еңбекақы төлеуге, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге және тұрақты сипаттағы шығындар (бұдан әрі – ағымдағы шығындар);

материалдық-техникалық базаны нығайтуға, күрделі жөндеуге және шығыстардың экономикалық сыныптамасына сәйкес өзге де күрделі шығыстар (бұдан әрі – күрделі сипаттағы шығындар).

3 тарау. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу

5. Ағымдағы шығындарды есептеу үшін жалпы ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі айқындалады.

6. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін айқындау кезінде есепке алынады:

1) ауданның әлеуметтік-экономикалық даму болжамына және бюджеттік параметрлеріне сәйкес жоспарланған кезеңде тұтыну бағаларының индексіне ағымдағы шығындардың ұлғаюын ескере отырып, ағымдағы шығындардың жиынтық көлемі (еңбекақыны қоспағанда);

2) ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе қысқартуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасы Заңдарының ережелері;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулылары, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде олардың құрылымына ведомство кіретін, жергілікті бюджеттердің түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері;

4) бұрын ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар;

5) кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің шығыстарын ұлғайтуды немесе қысқартуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін аудандық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің ережелері.

7. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының жиынтық болжамды көлемінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық үстемеақы төлеуге, материалдық көмек көрсетуге және мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне қосымша демалыстарға арналған қаражат алынып тасталады және ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі есептелгеннен кейін абсолюттік сомалар қосылады.

8. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің ағымдағы шығындарының көлемін болжаудың есеп айырысу базасына жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың нақтыланған жоспарына сәйкес ағымдағы шығындардың көлемі қабылданады.

9. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу осы Тәртіпке қосымшаға сәйкес мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтардың тізбесі, оларға көрсеткіштер мен коэффициенттердегі келтірілген көрсеткіштер мен коэффициенттерді ескере отырып жүзеге асырылатын мемлекеттік функциялардың функционалдық кіші топтар бөлінісінде жүргізіледі.

10. Жеке функционалдық кіші топ бойынша жекелеген ауылдар, кенттер, ауылдық округтер ағымдағы шығындарының есебі мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$PZ_j^i = Z_j * \frac{\prod_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}}{\sum_{i=1}^n \prod_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}},$$

мұнда:

$$PZ_j^i$$

– i ауылдар, кенттер, ауылдық округтер j -функционалдық кіші тобы бойынша ағымдағы есептік шығындары;

Z_j – ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттеріне j -функционалдық кіші тобы бойынша ағымдағы шығындардың жиынтық болжамды көлемі;

$$\prod_j^i$$

– i ауылдар, кенттер, ауылдық округтер j -функционалдық кіші тобы бойынша мемлекеттік қызметтерді тұтынушылар саны;

$$K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}$$

– i ауылдар, кенттер, ауылдық округтер j -ші функционалдық кіші топ бойынша орташа аудандық деңгейден мемлекеттік қызметтер көрсету құнындағы айырмашылықтарды негіздейтін объективті факторларды ескеретін коэффициенттер.

11. Ағымдағы шығындардың болжамды көлемін есептеу кезінде мемлекеттік қызметтерді көрсету құнындағы айырмашылықтарды негіздейтін объективті факторларды көрсететін мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) қоныстандыру дисперсиялығының коэффициенті:

$$K_{\text{дисп}}^i = 1 + \frac{X_{\text{ал}^i_{\text{кіші}}}}{X_{\text{ал}^i}},$$

мұнда:

Халікіш – халық саны 500 адамнан аз елді мекендерде тұратын і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халық санының болжамы;

Халі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халықтың жалпы санының болжамы.

Қоныстандыру дисперсиялығының коэффициенті елді мекеннің мөлшеріне тәуелсіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің белгілі бір жинағын, оның ішінде қосымша көлік және өзге де шығыстарды ескере отырып, қамтамасыз ету қажеттігіне негізделген шығындардың орташа аудандық деңгейімен салыстырғандағы барынша жоғары деңгейін ескереді;

2) ауқым коэффициенті:

$$K_{\text{ауқым}}^i = 1 + \alpha \frac{\overline{\text{Хал}} - \text{Хал}^i}{\text{Хал}^i},$$

мұнда:

α

– ауыл, кенттер, ауылдық округтер халқы санының орташа аудандық деңгейден ауытқуы есептелетін салмақ;

$\overline{\text{Хал}}$

– бір ауылдық округтің халқының орташа санының болжамы;

Халі – і- ауылдар, кенттердің, ауылдық округтердің халық санының болжамы;

Ауқым коэффициенті тұтынушылар санының өсуімен, бір тұтынушыға шаққандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығындар көлемінің төмендеуін көрсететін ауқымның тиімділігін ескереді;

3) ауылдық жердегі жұмысы үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті:

$$K_{\text{уст.ж}}^i = 1 + 25\% \cdot \frac{\text{Хал}^i_{\text{ауыл}}}{\text{Хал}^i} \cdot \delta_j,$$

мұнда:

Халіауыл – і- ауыл, кенттер, ауылдық округтер ауыл халқы санының болжамы;

δ_j

– j-функционалдық кіші топ бойынша (барлық ауыл, кенттер, ауылдық округтер бойынша жиынтық сомада) ағымдағы шығындардың жалпы көлеміндегі жалақының үлесі.

Ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті жекелеген функционалдық кіші топтар бойынша ауылдық жерлердегі жалақыға қосымша шығыстар қажеттілігін ескереді;

4) тығыздық коэффициенті:

$$K_{\text{тығыз}}^i = 1 + \beta \frac{\bar{p}}{p_i},$$

мұнда:

\bar{p}

– аудан бойынша халықтың орташа тығыздығы;

p_i – i- ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халықтың тығыздығы;

β

- ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халқының тығыздығының орташа аудандық деңгейден ауытқуы ескерілетін салмақ.

Тығыздық коэффициенті аудан халқы тығыздығының төмендеуіне байланысты ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің шығындарының ұлғаюын ескереді;

5) жолдарды күтіп-ұстау коэффициенті:

$$K_{\text{жол}}^i = \frac{N_i}{\bar{N}},$$

мұнда:

N_i - "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 38) тармақшасына сәйкес бекітілетін жергілікті маңызы бар ұстауға арналған қаржыландыру нормативі i-ші ауылдар автомобиль жолдарын, ауылдар, кенттерді, ауылдық округтерді.

\bar{N}

– аудан бойынша автомобиль жолдарын күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативі;
б) кедейлікті есепке алу коэффициенті (табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдардың үлесі негізінде):

$$K_{\text{кедейл}}^i = 1 + \frac{b_i}{100},$$

мұнда:

b_i – i ауылдар, кенттер, ауылдық округтер жалпы халық саны ішінде табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен халықтың үлесі.

Кедейшілікті есепке алу коэффициенті табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халық үлесінің өсуіне байланысты ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің әлеуметтік көмек төлеуге арналған шығындарының ұлғаюын ескереді;

7) жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті:

$$K_{\text{жылыту}}^i = 1 + \gamma \frac{d^i - \bar{d}}{\bar{d}},$$

мұнда:

d^i – i - ауылдар, кенттер, ауылдық округтер жылты маусымының кезеңі;

\bar{d}

– ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жылыту маусымының орташа кезеңі;

γ

– ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі жылытуға жұмсалатын шығындардың үлесі.

Жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті аудан бюджеттері шығындарының ауданның жылыту маусымының ұзақтығына тәуелділігін ескереді.

12. Келесі екі жылдағы аудандық бюджеттердің ағымдағы шығындарының көлемін болжаудың есептік базасына тұтыну бағаларының индексін ескере отырып, үш жылдық кезеңдегі бірінші жылғы аудандық бюджеттердің ағымдағы шығындарының болжамды көлемі қабылданады.

4 тарау. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің күрделі сипаттағы шығындарының болжамды көлемін есептеу

13. Күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемі ауылдар, кенттер, ауылдық округтер ағымдағы шығындарын қаржыландырудың жалпы көлеміне пайыздық қатынасына сәйкес жылдар бойынша бөле отырып айқындалады.

Әрбір ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жеке күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың болжамды көлемін есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$КШі = k * ЕШі,$$

мұнда:

КШі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер күрделі сипаттағы есептік шығындары ;

ЕШі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер ағымдағы есептік шығындары;

k – күрделі сипаттағы шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

Аудан бюджеті мен ауылдар, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау үшін k коэффициентінің шамасы аудандық бюджет комиссиясының шешімімен белгіленеді.

5 тарау. Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемін есептеу

14. Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың болжамды көлемі ауылдар, кенттер, ауылдық округтер ағымдағы шығындарының болжамды көлеміне және кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық қатынаста жылдар бөлінісінде айқындалады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемін есептеу әрбір ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жеке мына формула бойынша жүргізіледі:

$$БДБШі = (r1 * ЕШі) + (r2 * КБКі),$$

мұнда:

БДБШі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттік даму бағдарламалары бойынша есептік шығындары;

ЕШі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер ағымдағы есептік шығындары;

КБКі – і ауылдар, кенттер, ауылдық округтер кірістерінің болжамды көлемі;

r1 – бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынасының шамасы;

r2 – бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттердің кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

15. r1 және r2 коэффициенттерінің шамасы аудандық бюджет пен ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау үшін аудандық бюджет комиссиясының шешімімен белгіленеді.

Ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу тәртібіне қосымша

Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтардың, олардың көрсеткіштері мен коэффициенттерінің тізбесі

Функционалдық кіші топтардың атауы	Көрсеткіштер	Коэффициенттер
1	2	3
1. Жалпы сипаттағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер		
Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілетті, атқарушы және басқа да органдар	Тұрақты халық саны	қоныстандыру дисперсиялығы; тығыздық; ауқым; жылыту маусымының ұзақтығы
5. Денсаулық сақтау		
Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызметтер	Тұрақты халық саны	тығыздық; жылыту маусымының ұзақтығы
6. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру		
Әлеуметтік көмек	Тұрақты халық саны	қоныстандыру дисперсиялығы; кедейлік (табысы күнкөріс деңгейінен төмен адамдар үлесінің негізінде); ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылыту маусымының ұзақтығы
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы		
Тұрғын үй шаруашылығы	Тұрғын үй қорының жалпы ауданы (мың шаршы метр)	жылыту маусымының ұзақтығы
Коммуналдық шаруашылық	Тұрақты халық саны	тығыздық; жылыту маусымының ұзақтығы
Елді мекендерді көркейту		тығыздық; жылыту маусымының ұзақтығы
8. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік		
Мәдениет саласындағы қызмет	Тұрақты халық саны	тығыздық; ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылыту маусымының ұзақтығы
Спорт		тығыздық; ауылдық жерлердегі жұмыс үшін үстемеақы; жылыту маусымының ұзақтығы
12. Көлік және коммуникация		
Автомобиль көлігі	Жергілікті маңызы бар автожолдардың, оның ішінде елді мекендер мен көшелер ішіндегі автожолдар ұзындығы (километр)	жолдарды күтіп-ұстау; жылыту маусымының ұзақтығы

13. Басқалар		
Басқалар	Тұрақты халық саны	жылыту маусымының ұзақтығы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК